

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

11. Baron N.S. (2001, March 29 – April 1). Why Email Looks Like Speech Proofreading, Pedagogy, and Public Face // Paper presented at “Language, the Media, and International Communication”, St. Catherine’s College, Oxford, UK. Retrieved from <http://nl.ijs.si/janes/wp-content/uploads/2014/09/baron03>
12. Naughton, J. A. (2000). *Brief History of the Future: The Origins of the Internet*. London: Phoenix.
13. Baron, N.S. (2003). Why email looks like speech. Proofreading, pedagogy, and public face. In J. Aitchison, & D.M. Lewis (Eds.), *New Media Language* (pp. 85-94). London: Routledge.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗІН САЛҒАН ҒАЛЫМ

*БОТАБАЕВА А. Е.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент,
Астана, Қазақстан
АКЫНОВА Г.О.,
Халықаралық Тараз III, аға оқытушы,
Тараз, Қазақстан
СЕЙДАЛИЕВА Б.М.,
М.Жұмабаев атындағы №21 орта
мектептің
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Тараз, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассказывается о педагоге нации А. Байтурсынулы, положившем начало научному казахскому языку и литературе. Ахмет Байтурсынулы развивает свое мнение о происхождении новой литературы, под влиянием арабской, персидской литературы, проникшей силой мусульманской религии, происходит смена содержания, событий, появление новых видов произведений, функционирование прежних образцов. А русское влияние после колонизации казахской земли, влияние Европы, отразившееся во всех сферах жизни, особенно в художественной литературе, А. Байтурсынулы определяет через анализ новых направлений, новых жанровых образцов.

Abstract. The article tells about the teacher of the nation A. Baitursynuly, who initiated the scientific Kazakh language and literature. Akhmet Baitursynuly develops his opinion about the origin of the new literature, under the influence of Arabic, Persian literature, penetrated by the power of the Muslim religion, there is a change in content, events, the appearance of new types of works, the functioning of previous models. And the Russian influence after the colonization of the Kazakh land, the influence of Europe, reflected in all spheres of life, especially in fiction, A. Baitursynuly determines through the analysis of new trends, new genre samples.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің алатын орны ерекше. Ұлтымызды сақтау арқылы біз бармыз, ұлттық салт-дәстүрімізді сақтау арқылы ғана біз адамзаттық асқар ойдың заңғар биігіне көтеріле аламыз. Ұлттық-мәдени мұрамыздың қалыптасуына өз үлесін қосқан халық ағартушыларының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Оның мұраларындағы ең негізгі мәселелер - оқу-ағарту ісін жандандыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қазақ алфавитін жасау, жастарға ұлттық тәрбие беру т.б.

«Әдебиет танытқышта» [1] қойылған күрделі мәселенің бірі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынұлы қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады, қиын проблемаларды ұғынықты түсіндіріп береді.

Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді.

Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз секілділерден қорқып, пері-періштеге, аруаққа сену салдарынан туған шығармаларға баға береді. Жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан-заманға көшуі, батырлар жырының бір адамның сөз болудан шығып, мың адамдікі, жұрттыкі, ұлттыкі болу себептері айтылады, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты жырлар мысалға алынады. Ертегі секілді ескі сөздердің әркім өзгертіп, өң беріп, құбылтуына орай жалпылық сипат алатынын түсіндіреді, олардың неге халық шығармасы, халық әдебиеті есептелетінін анықтап береді.

Батырлар жырының азайып бара жатқанын Ахмет Байтұрсынұлы қазақ арасында сауықтың кемігенімен сабақтастырып, олардың бірте-бірте өлең түрінен айырылып, ертекке айналатынын, рухы, көркі жоғалып, құр сүлдесі қалатынын ескертіп, сондықтан жыршылар жоғалмай тұрғанда батырлар жырын жазып алуды ел ішіндегі азаматтардың халық алдындағы борышы деп көрсетеді. «Қарақыпшақ Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар» қазақ арасында көп айтылатын жырлар ретінде көрсетіледі. «Тарихи жыр» деп тарихта бар, мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздері айтылады, деп анықтама беріледі де, мысалға «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» жырлары алынады. Айтыс өлеңдердің ерекшелігін екі палуанның күрескенімен, екі батырдың жекпе-жек ұрысқанымен салыстыра түсіндіреді, тақырып ретінде жұрттың, ұлттың, рудың, елдің кемшілік-олқылығы, осал-оңтай жерлері алынатындығы, жазу жайылған сайын айтыстың азаятыны аңғартылады. «Кеншімбай мен Ақсұлу», «Жанақ пен бала», «Есентай мен Балық», «Жарылқасын мен Айқын» айтыстарының жалпы сипаты көрсетіледі.

Толғау, терме - қазіргі әдебиеттануда бар терминдер, ал үгіт өлең, үміт өлең – Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет материалы негізінде дәл де айқын тұжырымдаған ұғымдар.

Сарындама сөздерді салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деп үшке жіктеп, әрі қарай тағы да таратады. Салт сөзі: мысал, ділмар сөзі (афоризм), тақпақ, мақал-мәтел, ғұрып сөзі: тойбастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жоқтау, жарапазан, бата; қалып сөзі: жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры болып бөлінеді. Әрқайсысының анықтамасы және нақты мысалы бар.

Ахмет Байтұрсынұлы жаңа әдебиеттің пайда болуы туралы пікірлерін дамыта келіп, әдеби байланыс, әдеби ықпал орайында дәлді, нақты тұжырымдар жасайды. Мұсылман дінінің күшімен енген араб, парсы әдебиеттері әсерінен туған мазмұн, оқиға ауысуы, шығарманың жаңа түрлерінің пайда болуы, бұрынғы үлгілердің соны тақырыпқа қызмет етуі тұжырымды дәлелденеді.

Ал, қазақ жерінің отарлануынан кейінгі орыс әсері, Еуропа ықпалы өмірдің барлық саласынан көрінгенін, әсіресе көркем әдебиеттегі өзгерістердің туғанын А.Байтұрсынұлы жаңа бағыттар, жаңа жанрлық үлгілерді талдау арқылы айқындап береді.

«Әдебиет танытқыштың» үлкен бір тарауы жазба әдебиет мәселелеріне арналған. Ахмет Байтұрсынұлы негізінен «жазу әдебиет» деген терминді қолданады, кейде «жазба әдебиет» деп айтады. Жазудың қазаққа дін арқылы келгенін кеңінен ұқтыра отырып, осы істегі қожалардың, ноғай молдалардың дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлең арқылы тарату әрекеттерін көрсетеді, олардың ақын болмағандықтан, әңгіменің қисынымен қызықтырып, тамұқ азабымен қорқытып, жұмақ рахатымен үміттендіргенін ескертеді. Қожа, молдалар ішінен Шортанбай, Ақмолда секілді ірі ақындарды көрсетеді. «Зарқұм», «Сал-сал», «Сейфұл-Мәлік» секілді қиссалар аталып, Жүсіпбек Шайхы Исламұлының «Мұса мен Қарынбай» қиссасы, Шортанбай, Әбубәкір, Молда-Мұса шығармалары талданады.

Жазба әдебиеттің бір кезеңін діндар дәуір, екінші кезеңін әуелде, ділмар дәуір, артынан сындар дәуір деп алған, Ахмет Байтұрсынұлы жаңа әдеби дамуға қатысты келелі эстетикалық-теориялық ой-тұжырымдар, пікір-байламдар түйеді. Сындар дәуір ұғымына А.Байтұрсынұлы бір жағынан сын арқылы шыққан, екінші жағынан мағынасы терең, мінсіз, толғаулы, классикалық әдебиет деген сипаттарды сыйдырады. Асыл сөз жасаудағы білімнің, үлгінің қызметін ашады да мынадай қорытынды жасайды: «Қазақ ақындарының өздерінің де,

сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Еуропа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып көзге түскен. Сонан кейін ғана Еуропа әдебиетінен үлгі алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған».

Қазақ әдебиетінің дамуына, әсіресе, әсері күшті болған Абай шығармалары екенін, сындар дәуірінің басы Абайдан басталатынын кесіп-пішіп тиянақтайды. Абайдың сөзге талғау кіргізгені, әдебиеттің басты-басты сипаттарын анықтағаны «Өлең сөздің патшасы - сөз сарасы» өлеңін мысалға келтіру арқылы көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлы жаңа әдебиет тудыруда талғамның, өнегенің, үлгінің, ықпалдың, әсердің рөлін айта келіп: «Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр және сол бетімен баратындығы да байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал», - деген көрегендік тұжырым жасайды.

Жазба әдебиеттің сындар дәуірінің дарынды сөздерін Ахмет Байтұрсынұлы үш топқа бөліп қарайды, олар:

1. Әуезе
2. Толғау.
3. Айтыс-тартыс

Бұлар қазіргі әдебиеттану тұрғысынан айтқанда – эпос, лирика, драма.

Әуезенің түрлері былай бөлінеді: 1) Ертегі жыр; 2) Тарихи жыр; 3) Әуезе жыр; 4) Ұлы әңгіме (роман); 5) Ұзақ сөз; 6) Ұзақ әңгіме; 7) Көңілді сөз; 8) Мысал; 9) Ұсақ әңгімелер.

Бұлардың ішінен зерттеуші «Ұлы әңгіме, яғни роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз» деген анықтама жасайды да, жанрдың негізгі белгілерін тұтас түгелдеп береді.

Роман тақырыбы, оқиға және уақыт, ұлы істер мен кіші істер, шиеленіс-тер, тартыстар, амал-әрекеттер, мінездің іштен туатындығы, оның өзгеруіндегі үй-іші, мектеп, төңіректің ықпалы деген мәселелерді айта келіп, ақырында автор негізгі ойын кейіп (тип), кейіпкер (герой) проблемасына орайластырып, ақырында: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірі-ұсақ істері болғандықтан, ол істері біріне-бірі ұласып, біріне-бірі оралып, байланысып жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес», — деген роман жанрының табиғатын ашатын терең ой қорытады.

Ахмет Байтұрсынұлы лириканы - толғау деп алып, осы әдеби тектің қыр-сырын ерекше тиянақты талдап, орасан терең пікірлер тұжырымдап, сұлулық, көркемдік, әсемдік, шеберлік табиғатына қатысты ойларын бажайлай жеткізеді. Ықшамдап, жинақтап айтқанда Ахмет Байтұрсынұлы лирикаға (толғауға) мынадай шарттар қояды:

1. Ішкі шарты:

а) толғау жалпы сырлы болуы керек. Ақын толғауы да өз көңілінің күйін айтады. Бірақ ол күй өзгеге түсінікті болуы тиіс. Күйі түсінікті болмаса, өзгеге әсер ете алмайды;

ә) толғау шын сырлы болуы тиіс. Өтірік жай сөзге де жараспайды. Толғау сияқты сырлы шығармаға өтірік жараспақ түгіл, бүлдіреді. Сондықтан күйлі толғау көңілде шын болған күйден шығу керек. Бұрынғы қазақ ақындарының мақтау, құттықтау өлеңдерінің көбі қадірсіз болып кетуі шын көңілден шын толғау болып шықпағандықтан;

б) толғау таза болуы тиіс – нас, былғаныш, нәжіс әдемі нәрседен шықса, көңілге қандай әсер етеді? Толғау сөзге былғаныш сөз, былғаныш пікір қатысса, о да сондай әсер етеді;

в) толғау көңілдің тереңдігі күйінен хабар беруі тиіс. Көңілдің бер жағынан шыққан сөздердің әсері оқушының көңілінде терең із қалдыра алмайды;

2. Тысқы шарты:

а) Толғау сөзі көңіл күйінің бейне билеуі сияқты болуы тиіс. Күй де, би де біріне-бірі үйлесіп келгенде, сұлу болып шығады. Күй мен бидің үйлесуі;

ә) толғау қысқа болуы тиіс. Көңіл күйінің көбі-ақ бір қалыпта ұзақ тұрмайды. Көңіл күйінен шығатын толғау көңіл табиғатына қарай ұзын болмасқа тиіс, ұзын болмайды да. Нағыз толғаулардың көбі-ақ 4-5 ауыз өлеңнен аспайды;

б) толғау әуезді сөзбен айтылуы тиіс. Адамның көңілінің күйін жақсы білдіретін – күй мен ән. Әннен соңғы көңілге көбірек әсер беретін - әуезді сөз, әуезді күшін көбейтетін өлең түрде айтылуы тиіс.

Кейінгі қазақ әдебиетшілері орыс тіліндегі еңбектердің ізімен саяси лирика, махаббат лирикасы деп қана шектеліп келсе, Ахмет Байтұрсынұлы *ұлттық өнердің өз табиғатынан шығарып*, лириканың сап толғау, марқайыс толғау, налыс толғау, намыс толғау, сұқтанис толғау, ойламалдау, сөгіс толғау, күліс толғау секілді түрлеріне анықтама береді.

Ахмет Байтұрсынұлы драманы қазақша «Айтыс-тартыс» деп алып, оған мынадай жанрлық анықтама береді: «Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естиміз, оқиғаның өзін, оқиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Оқиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітискені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді». А.Байтұрсынұлы саралауы бойынша драма былай бөлінеді:

- 1) мерт, яки әлектегі тартыс (трагедия);
- 2) сергелден, яки азапты тартыс (драма);
- 3) арамгер, яки әурешілік (комедия).

Екінші жерде ықшамдап:

- 1) әлектеніс;
- 2) азаптаныс;
- 3) әуреленіс деп те бөледі.

Осы түрлердің әрқайсысындағы тартыс табиғаты, кейіпкерлердің сипаты жеке-жеке, дәлді де нақты әліптеледі [2].

А.Байтұрсынұлының жалпы шығармашылығымен таныса келе, оның барлығы ана тілімізді дамытуға арналған. Ал ана тілін қастерлеудің өзі - ұлттық тәрбиеге негізделген. Біз ана тілімізді дамытпай, ұлтымыздың ерейін көтере алмаймыз. Ұлт өзегі – ана тілімізде. Оның өмір жолымен, шығармашылығымен таныса ортырып, Ахмет Байтұрсынұлы нағыз қазақ халқының патриоты екенін байқаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлының жазған ұлттық мұрасынан байқайтынымыз, ол келер ұрпаққа ұлтымыздың ауыз әдебиеті өшпей, сол қазақы қалпында берілсе, ұмыт қалмаса. Сонымен қатар ұлттық мұрамыздың педагогикалық тұстарында айрықша атап көрсетеді. Мәселен, ертегілер баланың қиялын дамытса, жұмбақ оның зеректілігін, жаңылтпаш тілін ширататының баса айтады. Оның осы мұраларын тани отырып, бізге ұмыт болып, бұрын естімеген ауыз әдебиетінің үлгілерін байқаймыз, олар: қалып сөзі, бал ашқанда, ауыру баққанда бақсылардың жын шақыруы, тісті емдегенде құрт шақыру, мал бәдік болғанда, адамға күлапсан шыққанда бәдік иә күлапсан көшіру, т.б.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-т. Тіл құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға еңбектері). – Алматы: Алаш, 2005. - 352 б.

2. Байтұрсынұлы А. <https://sputnik.kz/20191124/Alash-Akhmet-Baytursynuly-12110067.html>